



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

Бізге 3 жыл!

айлық журналы
ежемесячный журнал
№22 (22) 25.12.2016

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!!!



Зымыраған уақыт бір арнада тоқтаған емес-ті. Күні кеше ғана зиялы ұстаздарымыздың ақ батасын алып, тұсауын кескен «ШАБЫТ» журналына бүгінде үш жыл толып отыр. Бұл - үлкен қуаныш. Астарында толассыз еңбекті талап ететін бұл жұмыс - өнер ордамыздағы талай жас таланттардың басын бір арнада тоғыстырып, бүтіндей бір буынды тәрбиелеп келеді. Қаламын серік еткен жандар, оқу орнымыздағы, еліміздегі «өнер» айдынында болып жатқан мәдени жаңалықтардың жаршысы болып, құрметті оқырманымыз үшін өз еңбектерін үздіксіз жариялауда. Біріншіден, сенім артып, қолдау көрсетіп отырған университет басшылығына, ұстаздарымызға, екіншіден, әр санын тағатсыздана күтіп отыратын оқырмандарымызға үлкен алғысымды білдіремін. Әшірбек Төребайұлының бастамасымен ашылған «ШАБЫТ» журналының ұжымына қажырлы еңбек тілеймін! Бізбен бірге болыңыздар!

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Ағалар алқасы:

«Шабьт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор
Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Нөгербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Мұқышева Н. Р. - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент
Юсупова А. К. - өнертану ғылымдарының кандидаты
Қадыралиева А. О. - өнертану ғылымдарының магистрі, театртанушы

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы
Тілшілер: Ләззат Алпысбаева
Амина Габдрашитова
Нұржан Салимов
Манарбек Хыдырбай
Аида Қалқатай
Дизайнер: Әсет Акмолда

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru


МАЗМҰНЫ

Б. Тұрсынов	4	ДӘСТҮРЛІ ЕС – АҰМАҚ
Ә. Ақмолда	5	ЕЛІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕ АЛҒАН АДАМ – «БАҚЫТТЫ»
Л. Аллысбаева	8	«КҮН СӘУЛЕСІ ТҮСПЕГЕН»
Г. Каурбекова	11	О ТВОРЧЕСТВЕ МАРАТА АҰНЕКОВА
Қ. Ежембек	13	ӨЛЕҢ ӨРНЕГІ
Н. Әбділ	14	АХУКОНЫҢ БАҚЫТЫНА ЕМЕС, АХМЕТТЕРДІҢ ЖОҚТЫҒЫНА НАЛЫДЫМ...
Ұ. Нұрғалымұлы	17	САҰЫНЫН ҚАЗАҚ САҒЫНҒАН ЕКЕН...
А. Өмірбек	18	ҚҰТТЫҚТАҰМЫЗ!
М. Жыдырбай	19	БЕТПЕ – БЕТ
К. Миндикулова	22	ВЕРА И ГУМАНИЗМ. ОБЪЕДИНЯЮЩИЙ СМЫСЛ РЕЛИГИИ.
Қ. Елубаева	24	ЖАНДӘУЛЕТ БАТАҰ
Г. Рахматулла	27	ART GALLERY
Т. Бөкеш	28	АСТАНА ҚАЛАСЫ ЖОӨ – НЫҢ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКУАДАДАҒЫ ЖЕҢІС
А. Жукенова	29	«НЕТ ПРЕДЕЛА СОВЕРШЕНСТВУ»: КОМПОЗИТОР ЛЯЗЗАТ ЖУМАНОВА
Г. Қыдырбаева	30	ПОЭЗИЯ

Дәстүрлі Ес – аймақ

2016 жылдың 22 қарашасы. «ҚР еңбек сіңірген артисі, опера әншісі, тенор дауыс иесі Кенжеғали Мыржықбаев «Ес-аймақ» қонағы болады» – деген хабарды естіген студент қауымның қызығушылығы артып, оқу ордамыздағы «Шопен» залына асықты.

Тенор дауысты әншілер шырқайтын «Дудар-аймен» шымылдықты ашқан Кенжеғали ағамыздың киелі сахна мен көрерменін сағынып қалғаны көрініп-ақ тұрды. «Фуникули Фуникуля», «Гордая прелесть осанки», «Серенда Смитта», «Әнім сен едің», «Нүрикамал», «Ақ сиса» – барлығы жанды дауыста орындалып, таза дауыс пен әуезді әнге шөлдеген өнер сүйер қауымның құмары осы кеште қанғандай болды. Ал қаракөз қарындастарыма деп, А.Жұбановтың «Қарлығаш» әнін шырқай жөнелгенде студенттер мен ұстаздар қауымы қосыла айтты. Бүгінгі өнер, қазіргі опера жайындағы өзекті мәселелер мен өткен күндерден қызықты естеліктер айтылды. Өнерге шын ғашық көрермен қауымнан, талантты әншінің туған жері, шығармашылығы және т.б тақырыптар жөнінде сұрақтар қойылып, сұрақтарға тұщымды жауаптар қайтарылды. Кенжеғали ағамызбен сұхбаттасып отырғанда, ол кісінің өнер атты сиқырлы әлемді әлі күнге дейін сүйетіні, өнердің шын жанашыры екенін байқадық. Шет мемлекеттерде концертін өткізіп, талай фестивальдердің лауреаты, бүгінгі опера жұлдыздарының ұстазы Кенжеғали Мыржықбаевтың «Ес-аймағы» осылайша өтті. Дәстүрлі Ес-аймаққа асығайық, ағайын!



Еліне қызмет ете алған адам – «бақытты»

Жанымызда жүрген асылдарымызды танымасақ – ағаттық. Ұлыларымызды ұлықтай алмасақ – ұсақтыққа салынғанымыз. Арамызда жүрген есіл жандардың қадірін білін, еткен еңбектеріне құрметпен қарау біздің міндет және сіздің парыз.

«Ортаңда жүр соңғысы ұлылардың» демекші, осындай ортамызда жүрген тұлғаны ескеріп, біздің университет тағлымды кездесу өткізді. Жауапты жүздесудің қонағы, еліміздің нышаны, ұлттық құндылығымыз «елтаңбаның» және көптеген сәулетті ғимараттардың авторы, суретші – Жандарбек Мәлібеков.

Қараша айының 29-ы біз үшін қуанышты күн болып, көңіл күнделіктерімізде жазылып қалды. Сол күнгі «елтаңбаның авторын» көруге деген құштарлық танымды кеште жағымды әсерге ұласып-ақ жатты. Кездесуге жиналғандар Жандарбек Мәлібековті кіріп келген сәтінен «жылы жүзді жан» екенін аңғарғандай бірден жақын тартты. Көкейде жүрген түрлі сауалдарын қойып, есті жауаптарын еншіледі. Бәрі де «бұл кісі не айтар екен» деп терең үңіліп бақты. Рухани кештің қарқыны өсем әнмен әспеттеліп, күмбір күймен көмкеріле берді. Сол сәтте аталған тұлғаны бар назарыммен бақылап отырдым. Өнерлі жастарға шын пейілімімен сүйсініп отырды. Қателеспепсіз! Ол кісі шынында «қарапайым» екен. Әуелі жүздесудің қонағын таныстырған Айнұр Ілиясқызы:

– Бұл кісінің еш уақыты жоқ. Бірақ, жастар, студенттер шақырып отырғаннан кейін бізге алтын уақытын бөліп келін отыр! – дегенде, жарқын болашақтың қазығын жастардан іздейтінін байқадым. Содан кейін сөз тізгінін алған Жандарбек мырза:

– Сіздердің университеттеріңіздің мәртебесі биік. Өйткені, қазақ елін шет елдерге шығып, таныстырып жүрген сіздерсіздер. Ректорларыңыз Айман Мұсақожаева шынында қазақтың дара қызы. Соған біз өте қуаныштымыз! – деп, ақ жарма тілегін, шын ниеттес көңілімен білдіре кетті. Жандарбек ағамыздың қазақтың тарихына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына зерттей қарайтыпынан хабардармын. Осы тақырыпта кітаптар жазғанын да білемін. Кездесуде тың дүние айтатынына сенімді болдым десем де болады. Тіпті, оқу ордамыздың ректоры жайлы лебізін айта отырып, «скрипканың негізгі шығу тарихы – қобыздан басталады» деді. Мұның өзі тағылым. Біз білмей жүрген ақпарат. «Бауырсақ деген сөздің «бауыр» және «сақ» деген сөзден» шыққанын да білмейтін едім. Ғажап! Сіздерде мұның тарихын білмеген боларсыздар? Осылайша, тағы да білсем екен деген ынтық көңіл еріксіз ояна берді.

Ары қарай есті әңгімесіне елегізін, құлақ түре отырдым. Жиналған қауымда сілтідей тынып, бар пейілімен тыңдап отыр.

– Жеткен жетістіктерімнің барлығы еңбектің арқасы. Сіздер жастар, өнер адамысыздар. Мамандықтарыңызды жақсы көрсеңіздер, сол мамандықтарыңыз сіздерді



өмір бақи алға, шындарға жетелейді. Бақытты қылады» – деп, тәжірибелі еңбектің адамы, заңғар сәулетші бәрімізге жол сілтеді. Бағыт-бағдар нұсқады. Мамандығы арқылы еліне қызмет ете алған адам шын мәнінде «бақытты».

Содан кейін: «Елтаңба туралы көп айтуға болады» – деп жалғастырды келесі сөзін. «Мені Ташкентке қоңырау шалып Қазақстанға шақыртты. Елге келгенде жататын жер жоқ. Содан Владимир Иванов деген жоғарғы советте істейтін суретші «сәнің жататын жерің жоқ. Біздің үйге кел» деп, сол кісінің балконында жаттым. Үйі екі бөлме. Әйелі, қызы бар. Балконда темір тесік-тесік төсекте жаттым, астымда Санта деген ит жататын. Санта екеуіміз үш ай сол балконда өмір сүрдік» деп, барлық тыңдаушыны ду күлдірді. Әрине, бұл сөзінен бойына біткен қарапайымдылығын, өнердегі жанкештілігін аңғару қиын емес еді. Менің де алып ағамызды бірден «қарапайым адам екен» деп бастауым тегін емес. Ол кісі қарапайымдылығын әр сөзінен білдіріп отырды. Бір сәтте: «Көбісі ойлайды, Жәкеңнің жағдайы жаман болған емес деп. Десе де, тәубә. Жаман емес» – деп, жымия қарады қасында отырған жандарға. «Мен осы өміріме, таңдаған жолыма қуанамын. Менен бастық



шықпайды. Шенунік шықпайды. Сондықтан сызып отырған ұнайды» – деп, шынайы бейнесінен сыр шертті.

Және тамырын тереңнен тартатын тарихымызға бей-жай қарамайтын, жетік білетін жанның бірі де – осы жан.

– Толстов, Янукевич, Левшин сынды өзге елдің тарихшылары бізді «кочевник» деп таныған. Мен сол «көшпелі» деген сөзді осы уақытқа дейін жек көремін. Мен «көшпелі» болған емеспін. Мен ұлы дала мәдениеті болған елдің ұлымын. Біздің мәдениетіміз, дәстүріміз еуропа елдеріне бергісіз болған. Салыстыруға келмейтін терең мәдениетіміз бар. Қазақ еліміздің таңбасы «күн» бейнесі. Қытайлықтар ата-бабамыз болған «Күн» тайпасын «Гун» яғни «Ғұн» деп кеткен. Күн таңбалы елміз» – деп, студент-жастарды құнды мәліметпен таным көкжиектеріні кеңейтті. Санамызға сақтап аларлық тың дүниелерді мысал келтіре отырып айтты. Оның бәріні жіпке тізгендей айта беру мүмкін емес. Ол үшін осындай рухани кештен қалмауың керек. Ең бастысы көзің ашылады дегім келеді. «Ее, солай екен ғой...» дегізерлік біраз рухани өңгімелер айтқан Жандарбек Мәлібековтың қандай адам екеніне жауап таптық.

Елтаңбаның авторын білмей жүргендер, жасыратыны жоқ, өте көп. Ал «біздегі студенттер білсін, арамызда жүрген аңыз адаммен таныссын» – деп, Жандарбек мырзамен кездесін, университетке шақырын, сауатты да сауапты іс атқарған Гүлжан Амангелдіқызы

Баураеваға және де бұл кештің ойдағыдай өтуіне атсалысқан Қарлығаш Атанакова мен Айнұр Касабекова ұстаздарымызға барша студенттер атынан рақмет айтамыз.

Ендеше, сөзімнің аяғын мәдени кештің көрігін одан әрмен қыздырып, желпіндіріп, Жандарбек Мәлібековке айрықша арнауын арнаған университетіміздің студенті, айтыскер Бек Шматтың арнауымен аяқтайын:

Дәл бүгін өнер ордасында,
Жақсылар келіп отыр ортамда шын.
Соның бірі – Жандарбек Мәлібеков!
Қашанда ердің ісін ер толғасын.
Еңбегін мен айтайын бұл кісінің,
Қай кезде де ардақтап ел танығасын.
Қазақтың салып берін «елтаңбасын»,
Тарихқа қалдырған мәңгілік қолтаңбасын.
Ағама айтқым келеді көп рақмет,
Алтын уақытын бөлін бізге кеп отырған.
Құдайға шүкір, өнұран, көк туым бар,
Елтаңбам бар алтыннан жалатылған.
Қазақтың елтаңбасын білесіздер,
Бар әлемнің алдында дара тұрған.
Сол елтаңбаның авторы, міне бүгін,
Жандарбек Мәлібеков дара тұлғам.
Абыздарым құрметке лайық қой,
Дәл бүгін төрден орын ап отырған.
Ел үшін еңбек еткен азамат қой,
Қай кезде де қызметте дара тұрған.
Осындай азаматтар аман болсын,
Қазақтың бақыты үшін жаратылған.



Әсет АҚМОЛДА,
«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

«Күн сәулесі түспеген»



Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында қойылған «Күн сәулесі түспеген» спектакілін тамашаладық.

«Күн сәулесі түспеген» («Подвальное окно») пьесасының авторы – испан драматургі Антонио Буэро Вальехо Жазушы 1916-2000 жылдар аралығында өмір сүрген. 1949 жылы «Бір сатының оқиғасы» («История одной лестницы») атты алғашқы пьесасын жазды.

Психологиялық драманың тілі өте көркем, мағыналы, композициялық құрылымы сақталған, кейіпкерлерінің мінездері шынайы, шебер жасалған. Драматург аталмыш пьесаның метафорасы етіп «пойызды» алған. Пойыз – ол тоқтаусыз өтіп жатқан уақыт, пойыз – қоғам, пойыз – күрес, пойыз – жазықсыз нәресте өлімінің себепшісі, пойыз – біреулерді таптау... Иә, шығарманың кейіпкері Әкесінің: «Сен ол пойызға мінбеуің керек еді», – дейді. Пойыз - Висентоның үлкен өмірге алғаш басқан баспалдағы. Тек, әкесі үйреткендей адалдықпен емес, 10 жасар інісіне бірінші рет өмірдің ащы шындығын көрсетіп, өмір сүруді, тірі қалуды қалаған жасөспірім бала ретінде алғашқы жемтігімен сапарға аттанды. Өмірінің соңына дейін сол қателігін түсінбей өткен Висентоның шындыққа көзін жеткізген өзінің бауыры – Марио. «Бұрышта отырып-ақ» адал өмір сүруге болатынын дәлелдеуге тырысатын, шынайы Энкарнаны жақсы көретін ол – осы оқиғаның түйінін шешетін бейне. «Марио, сен Вельтранға ұқсайсың», – дейді Энкарна бір сөзінде. «Төменнен» «жоғарыға» адамгершілік, адалдықпен көтеріле білген Вельтран – бәріне үлгі. Балаларының қате жолға түскенін біле тұра, қолдарынан ештеңе жасау келмейтін ата-ана, нәрестесінен айрылғанынан, ұлының опасыздығынан есінен адасқан әке, ауыр қасіретті ішіне бүгіп, сырттай күліп жүретін ана, әке-шешесінен айырылған, ағасымен бірге болып, інісін сүйетін Энкарнаның шарасыз күйі... Қаншама ауыр тағдырлар... Кейіпкерлердің

психологиялық күйін, жан тебіренісін, драматург тамаша жеткізе білген.. Бұл туынды арқылы А.Б. Вальехо қоғам мен адам арасындағы өмір бойы жалғасып жатқан күресті көрсеткен. Адамның ішкі жан-айқайын, арпалысын өр оқиға сайын дамытып, шарықтау шегіне жеткізген. Сонымен қатар, өткен өмірдегі жасаған ағаттықтың болашақта өз жемісін берерін, «шындық су түбінде жатпайтынын» айтқысы келген.

Ал, осы пьесаны аталмыш театр сахнасында қойған режиссер – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Н.Жұманиязов. Аударған – Е.Жуасбек, суретшісі – Ш.Елембаева. Спектакльдің премьерасы 2013 жылы 12-13 сәуірде өтті. Н.Жұманиязовтың көбінесе, шетел шығармаларына баратынын байқаймыз. Көркем жазылған, тартысты, қақтығысқа толы, терең мағыналы пьесаны таңдау арқылы режиссер ұтқан. Бұл туындыда Н.Жұманиязов оқиғаны баяндап отыратын экспериментатор қыз бен жігітті, кафе маңындағы жеңіл жүрісті қызды алып тастаған. Әкенің орындықпен теледидарды сындырған көрініс арқылы спектакльді эффектілі бастады. Театр ғимараты кішкентай болғандықтан, Энкарна мен Марионың кездесу жерін кафеде емес, шатыр деп шешкен. 1 бөлімнің соңында Висентоның Энкарнаны үй жақта кездестірін қалуын актерлердің үнсіз, бір-біріне қарап қалуымен ұтымды тапқан. Онымен қоса, пьесада Энкарнаның Марионың үйіне келетін жері жоқ. Сол көріністі қоса отырып, режиссер отбасындағы қасіретті көрермендерге одан әрі жақынырақ көрсетіп, жақсы шешімге барған. Марионың түсін Энкарнаға емес, анасына айтқызып, спектакльдің соңымен жақсы байланыс жасаған. Және ең бастысы, режиссер әкесін есінен адаспаған етін көрсетуімен оның осалдығын, әлсіздігін байқатып отыр. Спектакльдің музыкасы әсерлі, жарықпен де жақсы жұмыс жасалғаны көрінін түр. Әсіресе, пойыз жайлы сөз қозғаған тұста, шарықтау шегінде жарық үлкен рөл атқарып түр. Шынтуайтына келгенде, біздіңше, режиссер осы өзгертулер болмаса, аса бір тыннан ештеңе қоспаған. Қосудың да қажеті жоқ. Себебі, қалғанын спектакльдің драматургиясы мен актерлік ойын толықтырып отыр.

Спектакль басталғанынан әкенің (Ақыш Омардың) теледидарды орындықпен ұрып, сындыруымен көрермендерді елітіп, қызықтырып алып кетті. А.Омар тез ашуға булығып, суретті көре қалғанда, бірден жайдарланып кетуі, «бұл кім?» деген сұрақты жиі қоюы жынды кейпін сәндіре бейнеледі. Келесі сахналарында, әсіресе пойыз жайында, қайтыс болған қызы Эльвиританы айтқан сәттерде актер бойынан сол бір жылдардағы болған оқиғаның оның есінде екенін білдіруі нанымды шыққан. Соңғы сахнада, спектакльдің шарықтау шегінде Висенто екеуінің арасындағы ашық өңгімеде, оның бірден сау қалыпқа ауысуын да сенімді көрсетті. Әр сахна сайын актердің бойынан ішкі арпалысты, ашу-ызаны, қиналысты, құбылуды аңғардық. Ал, осы өкенің жары, қанша жыл жұбайының осы жағдайына көндіккен ана бейнесін Майра Омар кейіптеді. Сол бір зұлмат жылдарда отбасының шырқының бұзылмауы үшін қызының қазасын жүрегінің түкпіріне тығып, қайғы мен қасіретті көрсетпей, күлімдеп жүрген М.Омардың актерлік ойнына қарап тәнті болмау мүмкін емес. Әсіресе, Марионың (Нүркен Өтеуілов) Висентоны әкесінің есінен ауысқанына кінәлі деп айтқан кездегі сахнада жалғыз қалған М.Омар мен А.Омардың көздеріне бірдей жас алуы көрерменге қатты әсер етіп, жүрегің тебіrentіп жіберді. Висентоның көңілдесі болса да, Марионы жақсы көретін жас қыз Энкарнаны Жанар Қасымова суреттеді. Алайда, актрисаның ойыны көңілден шықпады. Көп жерде сөздерін ұмытып қалатындай әсер қалдырып отырды. Сөйлегенінен, әрекеттерінен де кейіпкердің түр-өтұлғасын, ішкі психологиялық күйді көре де, сезіне де алмадық. Бұған актрисаның көп уақыт бойы сахнадан алыстап кеткені де әсер етуі

өбден мүмкін. Себебі, өнер иесі сахнадан белгілі бір уақыт жырақтап кетсе, актерлік шеберлігі, мәтінге зейінділігі, ішкі темпераментінің суып кетуі заңдылық. Осы спектакльдің жемісі, нағыз актерлік шеберліктің үлгісі деп Н.Өтеуілов пен С.Қашқабаеттың партнёрлік ойынын айта аламыз. Н.Өтеуілов спектакльдің басында өте сабырлы, томаға тұйық болып көрінсе, әр сахнаның ауысу барысында Марионың өмірге деген көзқарасын, өділдік жайындағы мағыналы сөздерін, отбасындағы сыр ашылған сайын дамытып, кейіпкерінің ішкі жан-дүниесін, толғанысын, бұлқынысын толығымен жеткізе білді. Сүйгені Энкарнаның ағасының көңілдесі екенін білген тұста көңіл құбылысымен, түр-тұлғасымен өзгерісті сәндіре суреттеді. Соңғы сахнада әкесі отырған орында қайшымен үстелді ұрғылауы, анасының дауыс құбылтуын келтіруі, шарасыз күлкі, ағасы екеуі ұстасқандағы ашу-ыза, Висентоның кінәлілігін дәлелдеудегі талпыныстар арқылы Марионың бейнесін өз деңгейінде сомдап шықты деп айта аламыз. Ал, С.Қашқабаеттың отбасына көмектесуі, Мариоға жұмыс ұсынуы, Энкарнаны орында қалдыруы сырт көзге керемет қамқорлық көрсету болып көрінуі мүмкін. Тек келесі сахналарда отбасына жас кезіндегі жасаған ағаттығының кесірін көмектескенін, Мариоға жақын адамның өзінің қарамағында болғанын қалағанынан, Энкарнаны аяғандықтан көңілдесі болғандықтан орында қалдырып, қамқор болғанын актер сөздерінен, әрекеттерінен аңғаруға болады. Висенто – жаман адам емес. Тек кішкентай кезінде отбасына жасаған алғашқы сатқындығы, қазіргі күнгі Вельтранға жасағанындай күннен күнге өсін, өзінің адамдығынан айырылуға әкеп соққаны анық. Спектакльдің шарықтау шегінде өзінің кінәлі екенін мойындаған сәтте, әкесінің есінен адаспағанын білген кезде өз-өзіне қол жұмсау арқылы режиссер Висентоны ақтап алғысы келеді. Н.Өтеуілов пен С.Қашқабаеттың арасындағы қызықты, тартысты сахналары спектакльді одан өрі жандандыра түсті. Олар тек ойнап қана қойған жоқ, екі актер сахнада өмір сүре білді. Кейіпкерлерін сахнада тірілтін, жан бітіріп, корерменін катарсистан (рухани тазалану) өткізді. Біз, коллективтік өнерді, нағыз еңбекті көріп, өте әсерлі, көңіл толған күймен театрдан қайттық.



Ләззат АЛПЫСБАЕВА,

«Театртану» мамандығының 3 курс студенті

О творчестве Марата Айнекова



Уникальный скульптор, член Союза художников Казахстана и педагог Марат Айнеков родился в Балхаше 22 июня 1941 года. Его творческому пробуждению способствовала выставка собраний Третьяковской галереи прошедшая в его родном городе. Как рассказывал сам Марата Айнеков о начале своего пути: «Это было на одном из уроков биологии в школе города Балхаша. Как-то я нашел деревяшку и стал ее вырезать. Впоследствии вошло в привычку на уроке заниматься не биологией, а резьбой...».

Перед поступлением в Ленинградский институт живописи, скульптуры и архитектуры им. Репина его наставлял и помогал Исаак Иткинд, а в самом институте учителями были известные скульпторы В. Б. Пинчук и М.К. Аникушин.

После окончания института у М. Айнекова была хорошая перспектива – остаться и работать в Ленинграде,

но скульптор принял решение вернуться в Алматы. От наставников работы М. Айнекова уже в то время отличаются лаконичностью, завершенностью форм.

Художник до последних дней живо откликался в своем творчестве на вызовы современности. Это особенно заметно в композиции «Эволюция», где он показал обратную сторону современных технологий. На голове человека, прижимающего к уху мобильный телефон, мастер расположил полуразрушенный от излучения череп человека. Этой скульптуре присуща широта и философичность мышления в сочетании с самобытностью национального мировосприятия, острое чувство времени и дар предвидения. Одна из идей этой работы - отражение столкновения двух реальностей, человеческого и техногенного. Композиция «Эволюция» может восприниматься и как портрет человека XXI века, обретшего последние достижения технологий, но при этом обречшего самого себя в плен иллюзорности и современных предрассудков. Четко обозначенные черты живого лица резко контрастируют с черепом, как бы выражая вечную борьбу материального и духовного. Гипертрофированные конечности изображаемого персонажа отображают проблемы современных реальностей, когда технологии порой заменяют человеку его естественный образ жизни.

Другие идеи воплощает художник в работе «Семья». Вероятно, он интерпретирует не просто понятие семьи из родителя и ребенка, но и более широкое понимание. Шарообразная форма напоминает Землю, а линия, делящая





лицо матери – начальный меридиан. На обратной стороне изображены границы Казахстана и ее символы государственного флага. Также динамику работе придают линии. В этом произведении нет такой детализированности, как в предыдущей скульптуре, т.к. цель данной работы – создание обобщенного образа.

Как скульптор, особенно работавший с деревом, он внёс современный, при этом национальный стиль в искусство Казахстана. Марат Айнеков считал, что дерево – это единственный материал, который передает теплоту композиции, цвета и текстуры. Но, тем не менее, в своём творчестве он также воплощал идеи с помощью гранита, камня, гипса, бронзы и т.д.

Помимо работ в круглой скульптуре, Марат Айнеков является автором многих монументальных произведений. И одним из таких произведений является памятник Абаю Кунанбаеву, выполненный и установленный в 2006 году. Бронзовый памятник расположен в Москве, рядом с территорией посольства Казахстана.

Этот проект решал сложные задачи: создание образа великого казахского поэта и мыслителя, а также должен был представлять искусство Казахстана за границей. Памятник представляет мыслителя сидящим в расслабленном положении. Образ, созданный Айнековым, передает мудрость, атмосферу покоя. Ощущается одновременно концентрация внимания поэта в себя и единение с окружающей средой. Этому способствовала и техника выполнения памятника: гладкая фактура, отсутствие внутренней пустоты формы. Постамент выполнен как усеченная конусообразная форма, которая имеет своё интересное декоративное решение.

Творчество Марата Айнекова отличает высокий профессионализм в художественном и исполнительском решениях, разнообразие тематики. Мастер обладал даром глубокого проникновения в суть любого явления, создавая произведения сильного гражданского звучания и тонкого психологизма. Возможно, что выставки работ Марата Айнекова, так же повлияют на зрителя, как в свое время выставка Третьяковской галереи на него самого.

Тұлғалар қайтып барады...

Жылайды жұлдыз жаралы Ай,
 Кеудеге біткен жарадай.
 Өлместің күнін кештік пе?!
 Өткенге бір сәт қарамай...

Жындандық, жылап, күлдік те,
 Қайғысыз, қамсыз жүрдік те.
 Қайтарған құсын Тұманбай,
 Қайтарып өзі білдік пе?!
 Әлі де нұрлы болар ең,
 Болар ең тағзы төлар ең.
 Қайтарған құсын Нұрғиса,
 Қайтып кетіпті солармен.

Өкініп бірде қуанып,
 Жүретін ығи бір алып.
 «Қарлығаш» болып келді де,
 Өмірден кетті Жұбанов.

Өтеуі болар сыйдың да,
 Көңілім, кідір күй тыңда.
 Ұйықтапты арман «Аққуын»,
 Мұқаңда кеткен ұйқыға.

Ән-жырға бөлеп көк белді,
 Дуенге қосыл көктемді.
 Құс емес бүгін төбелмен,
 Тұлғалар ұшып өткен-ді...

Құс-ғұмыр қилмай қарады,
 Апыр-ай жаны жаралы.
 Қарауға көкке қорқалын,
 Тұлғалар қайтып барады...

Жүрек

Сен – маған бақ па екенсің, сор ма екенсің?
 Бәлкім, сен – соңғы тамшы, соңғы өлеңсің.
 Бәлкім, мен ақасудың жолындамын,
 Сен мұндай ақасуды көрмегенсің.

Жүрек-қайып үзілер жапырағы,
 Оның да тамыры бар, топырағы.
 Жылдар бойы іздейді ол, жұбанышын,
 Ал, мен оны іздеумен отырамын.

Біреу әлсін ал, біреу тоқ күледі,
 Біреуде бар, бірақ та жоқ жүрегі.
 Жүрек іздеп кететін күндерінде,
 Кеудемді бір тылсым күш тепкіледі.

Тірі Жүрек. Өледі. Көміледі,
 Қамығады. Жылайды. Егіледі.
 Кейде менің Жүрегім бар сияқты,
 Кейде бірақ жоқ болып көрінеді.



Қуат ЕЖЕМБЕК,
 театртаншуы, Астана қаласы Қуыршақ
 театрының «Әдебиет» бөлімінің меңгерушісі

Үстіміздегі күндердің бірінде «Бейбітшілік және келісім» сарайында Мұхтар Әуезов атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ драма театрының «Ақтастағы Ахико» атты драмасының көрсетілімі болды. Қойылымда Қазақстан мемлекетінің біртұтастығын, қазақ ұлтының бауырмал халық екенін, тәуелсіздікке жету жолында не бір қиямет-қайым, зобалаң көргендігін көрсетуге тырысқан. Пьесаның авторы – Мадина Омарова. Қоюшы режиссері – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров. Идея авторлары – заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбеков және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Біләл.

Драматургиялық көзқарас бойынша талдасақ, бұл – драмалық шығарма емес, мемуарлық өмірбаян. Себебі, жан алқымға келетін жағдаяттар көріністік сипатта емес, тек баяндау бағытында берілген. Мәселен, Ахиконың басынан кешкен кесапат тағдыры толық ашылмаған. Қазақтың топырағын тұғыр көріп, қалып қоятын тағдыры ақталмаған. Өзіңіз ойлаңыз, тұтас тарихты не бары жиырма беттік пьессаға сыйғызып жіберу мүмкін бе?! Әлбетте, жоқ. Ал, сыйғызса, бұл – шеберлік. Ахиконың ішкі мұңы, қоғамның қыртыс беттері, қосымша кейіпкерлердің тұлғалық даралығы, олардың да ішкі әлемі жиырма бетке қайдан сыйсын. Ал, жанрлық тұрғыда тарихи тұлғалар кірістірілген екен, онда бұл

«драма» емес, «тарихи драма» болары анық. Бірақ тарихи шындық жоқ екенін ескерсек, қолдан жасалған тарих кімге керек? Спектакльдегі алаштың атқа мінер, алып тұлғалары Ахмет, Мағжан сынды саңлақтарды неге жасық, шарасыз, бейшара қалде көрсеткен?! Әлде, бұл **ЖАПОНДЫҚ** Ахиконың бейнесін биіктету үшін жасалған құрбандық па? Егер, драматург сол үшін тұлғаларды аласартқан болса, бізге «Ахиконың» абыройы қымбат па, әлде «**АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ**» ба? Бұл – қойылымдағы тарихқа жасалған бірінші қателік. Екінші қателік, Ахмет пен Мағжан 1937-38 жылдары атылып кетпеп пе еді?! Ал, Ахико: «Карлагқа 1946 жылы 16 жасымда тұтқындалдым», – дейді. Жылдық жеже бойынша да мүлдем сәйкес емес.



Енді, жоғарыдағы Ахмет, Мағжан бейнелеріндегі жасықтыққа тоқталсам. Ахмет келбетіндегі актер – А.Асхатұлы. Шыңқ етсе, шыбық тимес жылауық, қояндай қорқақ, су жүректігі басым. Әрі бет әлпетіндегі гримінің өзі Ахметке мүлдем ұқсамайды. Бет пішініне қарасаң, Ахикодан жасы кіші немесе шамалас тұрпатта. Бірақ, біз білетін Ахмет Алаш қайраткерлерінің ағасы еді ғой. Ахикодан 27 жас үлкендігі көрер көзге сезілмес пе еді?! Тек оның Ахмет екенін оқыған өлеңдері мен анасына қалдырған қойын дәптерінен аңғарамыз. Сондай-ақ, тергеушіге Ахметтің: «Әлихандай алыптың қара төбеті атанып өлсем не арман. Молама солай жазыңдар!» – деп, сықылықтап күлетін сөттерін артист жеткізе алмады. Партнері сөздің соңын күтпей сұлатып түсірді. Серіктестік сезіну кемшін



түскендей. Дәл сол сияқты Мағжан бейнесі бәріміздің жүрегімізде жатталып қалған ақынның өлеңінен аңғардық. «Абақтыда айдан, күннен жаңылдым...» – деп басталатын Мағжан өлеңін оқыған актердің де АҚЫН-ға сай тұрпаты, ұқсастығы, тұлғалығы жоқ. Жалынышты, бейшара күйде. Демек, бұл – аталмыш артистердің рөліне салғырттығы, режиссердің дұрыс бағыт бермеуі, драматургтың бас кейіпкермен басы қатып, басқа кейіпкерлердің ашылуына жол ашпауы.

Әйткенмен де, характерлік бейне жасай білген Ақайдың Қасені – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Бекжан Тұрыс пен Степан – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Қуандық Қыстықбаевтардың болмыс, бітімі бірден көзге түсті. Абақты ішіне рух пен намыс алып келген Ақайдың Қасені тұтас ерлікті тұлғасына жиып алғандай әсер қалдырды. Ал жауырыны күжірейген Степан – абақты ішінде көкжалдай күжірейіп кіріп келгенде көрер көзге қорқыныш ұялатқаны анық. Әйтсе де, Қ.Қыстықбаев ойыны бірте-бірте бір ізділігі бастапқы тұрпатын жоғалтып алды. Тіпті, қанжар ұстап кіретін сахнасы титтей де үрей, сәл болсын суықтық сездірмеді. Қасеннің алдында бірден сынып қалуы нанымсыздау болғаны рас.

Ал біреулер ойын үлгісі, дауыс иірімі бір ізді деп кінә артса да, Сейфолла кейпіндегі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Болат Әбділмановтың саф таза үні, кең диапазоны «Бейбітшілік және келісім» сарайындағы көрермен қауымды бір ұшықтап алғандай әсер етті.

Ендігі ретте басты рөлге тоқталсақ. Ахико бейнесі ашыла алмады. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Дулыға Ақмолданың жан-жақты жарқырап көріне алмауына не себеп? Біріншіден, оқиға иірімдері енді ширатылып, түйіле бергенде автор баяндау стиліне көшіп кеткендіктен, актер тосылып қалып жатты. Десе де, Дулыға бір оқиғадан екінші оқиғаға көшер алдындағы актерлік ауысымдарды дұрыстап жеткізе алмады. Айтпағым, мектепте диктант жазып отырып, жаңа жолдан басталатын сөйлем келгенде сезін, біліп отырғанымыз сияқты белгілі бір екпін, басқаша иірім қажет еді ғой. Осы орайда, Дулыға көп сахналарда ат үсті кетіп жатты. Карлагтағы қасірет тартып жүрген сәтін кейін (тағы да баяндау): «Мені 1954 жылы рақымшылықпен босатты...», – деген сәттерінде сәл болсын иірімдік өзгеріс сұранып тұрғандай. Әлде, осындай сәттерде режиссерлік жарық, музыка арқылы көмегі керек пе еді... Дегенмен, Д.Ақмолданың артистік шеберлігіне шүбәміз жоқ, тек драматургиялық талаптардың сақталмауы танымал актердің ашылып ойнауына тұсамыс болғандай.

Бір жапондық азаматтың қазақ жерін АТАМЕКЕН көрін, өз отанын тастап қайтып оралуы ерлік шығар. Дегенмен, бұл мүдде де жетер жеріне жетпеген. Ол не үшін ЖАПОНИЯНЫ емес ҚАЗАҚСТАНДЫ таңдады? Ақтамақ – ел анасының мейірім махаббаты ма? Бірақ, біз мейірім төгіп, емірене сүйіп, аялаған аналық сезімді көрмедік. Тек, естідік. Театрда естір құлақтан көрі, көрер көзге әсер мол емес пе?! Яғни, осындай сахна керек еді. Ал, абақтыда Ахико – Ахметтердің, Сейфолла Оспанов пен Сәдуақас Жалмақановтардың жадында сақталған рухпен сусындап, солардың сөзін жинақтап,



қазақтың тілін меңгеріп, бойына қазақылық ұялатқаны үшін осында қалып қойды ма? Егер, солай болса біз спектакльде көрер едік қой. Бұл айтылғанның бірі де жоқ. Жалғыз көргеніміз – Ахметтің қойын дәптерін қойынына қысып, өзімен алып шыққаны. Ішінде, ақынның арыз-мұңы, отты жыры мен ОТАН-ға деген махаббаты кестеленген шығар. Тым болмаса шұқшиып соны жаттап, жүрек түбіне сақтап жүрген сөті

көрсетілуі қажет еді. Әлде, Катяға деген сезімі мен уәдесі ме? Бәлкім, солай. Себебі, жоғарыдағы көріністерді көрмесек те, екеу-ара риясыз сезімге толы сахнаны көргеніміз рас. Сонда қалай болғаны? Бұл енді автор мен режиссерге жүктелер сын.

Қойылым соңында Ахико қартты сахнаға шығарып, шапан жауып, жұрт болып шапалақ ұрып, қошемет танытты. Сексеннен асыпты, Катясы екеуіде зор құрметке шомылды. Менің ішімде: «Ахиконың азаттықты көрген бақытына, Ахметтердің жете алмай кеткені ай!» – деген бір мұң сайрап тұрды. Жалпы, бұл спектакльде мен АХИКОНЫҢ БАҚЫТЫНА ЕМЕС, АХМЕТТЕРДІҢ ЖОҚТЫҒЫНА НАЛЫДЫМ...



Әбділ НҰРИСЛАМ,
«Театртану» мамандығының 4 курс студенті

Сайынды қазақ сағынышты...

Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінде қазақтың классик жазушысы Сайын Мұратбековтің туғанына 80 жыл толуына орай еске алу кеші өтті.

Ақпараттар тасқыны толассыз, асығып-аптыққан осы бір аласапыран уақытта мұндай рухани кештің көрермені болудың өзі түсінген адамға керемет бір кең тыныс сыйлап, ой дүниенді азырақ аял тапқызғандай, рахат та сағынышты күйге бөлегендей әсермен тербейді...

Қанша дегенмен өнер ордасы ғой, кештің өрнегі өзгеше болды. Актерлық мамандықта оқитын студенттер жазушының аңызға айналған «Жусан иісі», «Жабайы алма» шығармалары желісімен бейне көрініс көрсетті. Әр жанрдың өзіндік ерекшелігі де осы шығар, кешегі алапат соғыс уақытындағы қазақ ауылы, қаншама армандары көкірегінде тұншыққан қазақ балаларының ішкі жан дүниесі, тіпті қара қаншықтың («Жабайы алма» шығармасындағы) тағдырымен астастырыла баяндалған аяулы жан мен аяусыз тіршілік айқасын 10-15 минуттық сахналық көріністе көз алдыңызға алып келгенде жанарлардан еріксіз жас домалайды екен. «Бұл – Сайын шығармаларының шынайылығы, шынайы болғанда қазақтың боямсыз шынайы жан дүниесі. Сондықтан да Сайынды оқып отырып шын күлесің, Сайынды оқып отырып шын жылайсың», – депті алдын ала дайындалған бейне көріністе осы оқу орнының профессоры, кешті өткізуге мұрындық болған жазушы-драматург Роза Мұқанова.

Айтулы кештің төрінде Сайынның жан досы, жазушы-драматург Әкім Тарази, академик Сейіт Қасқабасов, Мырзатай Жолдасбеков бастаған ақсақалдар отырғаны өз алдына бір мерей. Мемлекеттік сыйлықтың иегері, акын Несіпбек Айтұлы кеш шымылдығын әйгілі «Бес тапалға» (Әкім Тарази, Сайын Мұратбеков, Қалихан Ысқақ, Рамазан Токтаров, Қабдеш Жұмаділов) арнаған өлеңімен ашып, ары қарай Сайын жайында сағыныш пен сырға толы әңгімелер айтылды. «Сайын – өткір тақырып, өтпелі тақырып деп әр неге ұрынбай, тек адам бойындағы қоғам қалай өзгерсе де, өзгеріссіз қала беретін сезімдер мен құнды құндылықтарды жазды», – деді Сауытбек Әбдрахманов. «Шығармашыл адамдары қызық, бір тобының шығармасы әлсіздеу бірақ адамшылығы, мәдениеті керемет болады. Ал екінші тобының шығармасы ғажап болғанымен, өзінде Құдай сүйер қылығы жоқ, итмінез болады. Ал Сайын – үшінші топ. Шығармасы да, өзі де – ғажап», – дейді Баянғали ақын. Сондай-ақ, сөз сөйлеушілер Роза Мұқанованың Сайын туралы «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Классик» атты мақаласын ерекше ықыласпен атап, алғыстарын айтты.

Әсерлі кештің соңында Сайынның туған жері Талдықорғаннан келген туған-туыстары жұрт алдына шығып, кешті ұйымастырушыларға алғыстарын айтты. «Бір университеттің, бір кафедрасы («Өнертану» кафедрасы) ұйымдастырып отырған кешті осындай әсерлі, осындай биік деңгейде болады деп ойламап едік...», – деді жазушының інісі Ғалым Мұратбеков. Ал, Сайынның қарындасы Майра Мұратбекова ағасының жан досы Әкім Таразиды сахнаға шақырып шапан жапты. «Ағамның көзіндейсіз аға, сізді көрем де ағамды көрем...», – деген сөзінің нүктесін кірпік ұшындағы моншақпен қойды.

Әкім аға үнсіз...

Құттықтаймыз!

Шығармашыл жастардың шабытын оятып, қазақ сахнасында өзіндік ойып алар орны бар артист болуына, кіл мықтының ішінен нағыз таланттың сынға түсер, еңбекқор жастарды қолдап, оларды қазақ өнерінің шыңына шығаруға бірден-бір мүмкіндік беретін жыл сайынғы дәстүрлі түрде өткізіліп отыратын ХІХ «Шабыт» Халықаралық шығармашыл жастар фестивалі Елордамыздың төрінде өз мәресіне жетті.

Қаншама жүректі өректіп, сан мыңдаған көңілді қобалжытқан бұл фестивальдің маңызы мен мән-мағынасы өте зор. Қарашаның 3-8 күндері аралығында өткен бұл фестивальде еліміздің түкпір-түкпірінен келген жалынды жастар өз бақтарын сынады. Фестивальге қатысу жөніндегі өтініштің ұзын саны 600-ден асып жығылған. Солардың ішінен тек таңдаулылары ғана сайысқа қатысуға мүмкіндік алды. Фестиваль екі кезеңнен тұрды. Бір апта бойы әділқазы алқасының мүшелері «Бейнелеу өнері», «Хорөеграфия», «Халық музыкасы», «Үздік әдеби шығарма», «Классикалық музыка» және «Эстрадалық вокал» номинациялары бойынша өз өңірлерінің үкілеген үміттерін ақтау үшін келген жастардың өнерін әділ бағалады. «Халық музыкасы» номинациясы бойынша Гран-приді біздің Қазақ ұлттық өнер университетінің «Дәстүрлі өнер» факультеті «Домбыра» мамандығының І курс студенті Дарын Құдайберген өз қанжығасына байласа, университетіміздің «Қыл қобыз» мамандығының 3 курс студенті Фариза Кошегулова жүлделі І дәрежелі дипломмен марапатталды. Сонымен қатар, «Бейнелеу өнері» номинациясында топ жарып, Гран-приді университетіміздің 3 курс студенті Асқар Нұрболат қанжығасына байлады. Табиғаттың берген тылсым талантымен қазақ бейнелеу өнерінің дамуына өзіндік үлес қосып жүрген Нұрболат, суретші деген қыр-сыры сыртқы әлемге беймәлім өнерде өз орнын нық қойған нағыз талант. Осы уақытқа дейін талай белестерді бағындырып, талай сайыстардың жеңімпазы атанып үлгерген Нұрболатқа алдағы уақытта тек қана асқақ шабыт пен сәттілік тілейміз!

Дарын – фестивальде Құрманғазының «Серпер», Боғданын «Жем суы», Сүгірдің «Назқонырын» және т.б. күйлерді орындап, халықтың қошеметіне бөленді. Осы сайысқа дайындаған ұстазы Тұрынбетова Ақбота Ерболатқызына үлкен алғысын білдіреді. «Бак шаба ма, бап шаба ма?» демекші, жеңіске жетем деген сенімділік аса болған жоқ, бірақ өзімнің дайындығымды, өнерімді ойдағыдай көрсеттім деп ойлаймын. Алланың қалауымен, тағдырдың жазуымен жеңіске жеттім. Сонымен қатар, ең алдымен Аллаға, келесі ұстазыма және «Шабыт» фестивалінің ұйымдастырушыларына алғысымды айтамын. Жылдан жылға «Шабыт» фестивалі дами берсін дегім келеді» – деді Дарын сұхбат барысында. Дарынның шын дарынының ақталғанына біз қуаныштымыз. Алдағы уақытта шығармашылық табыстар тілейміз. Фариза өз сөзінде уақыттың тығыздығына қарамастан, ұстазы Алматы Қарасайұлының бастамасымен сайысқа бар күш жігерімен дайындалғандығын тілге тиек етті. Сайыс барысында Қорқыт пен Ықыластың күйлерін нақышына келтіріп орындап, қазылар алқасының мүшесі Әлқуат Қазақпайұлының «Фатима» атты шығармасы барлық қатысушылардың соның ішінде Фаризаның орындауында көрерменнің зор ықыласына бөленді. Фариза қазіргі уақытта «Қорқыт» дәстүрлі саз тобының мүшесі. Өнерін университет қабырғасында ғана емес, Астана филармониясында да шындап жүрген Фаризаға алдағы уақытта тек қана биік белестер мен толайым табыстар тілейміз.

Кезекті Шабыт та өзінің шырқау шегіне де жетті. Бұл фестивальдің болашағы зор екеніне кәміл сенімдіміз. «Шабыттың» сахнасынан қазақтың өнерін дамытатын, қазақ халқы өнерін әлемге танытатын талай шығармашыл жастардың буынын көреміз деген үміттеміз. Қазақ өнері жасай берсін!

Айгөлек ӨМІРБЕК,

«Кинотеледраматургия» мамандығының І курс студенті

Бетпе - бет

Әлеуметтік желідегі аватарыма бет-әлпеті келіскен бір жігіттің фотосуретін орналастырып, жасырын парақша ашқанымна біраз уақыт болды. Күндегі әдетім бойынша сол парақшама кірін, танысқан қыздармен тағы да болмайтын әңгіме-дүкен құрып отырғанмын. Уақыт өткізіп... Кеңет, белгісіз біреуден достық ұсыныс келіп түсті. Бей-жай қалмадым. Ең бірінші жасаған әрекетім – фотошоппен өңделген, көздің жауын алатын әсем суреттерін тамашаладым. «Сүйкімді екен. Суреттеуге сөз жетпес, сірә» – деп, іштей күбірледім. Жартылай жалаңаш әйел бейнесін көрсем болды, лүпіл, яғни лайк басып, машықтанған саусақтарым бұл жолы да өдеттегісінен танбады. Суреттері кез келген еркек кіндіктіні еліктіріп, есінен тандыратындай екен...

Әсіресе, қып-қызыл шырынды еріндерін бүртитып, қаламмен сызып қойғандай қап-қара қасын керіп, қарашығын төңкере қарап тұрған бейнесі беймәлім жұмбақ әлемге жетелейтіндей. Ынтығып кеттім. Жібектей жұқа, жеңсіз жемпірдің кеуде тұсын тесін шығардай тырсыып әрең сиып тұрған қос алмасы мен бұраң белінен бір шама бөлек тұрған бөксесін көргенде, еркімнен тыс дегбірсізденіп, мазам кетті. Достығын қабылдамасқа шарам қалмады. Аңсарым ауып, түн ортасына дейін суреттеріне телміріп, тесіле қараумен болдым. Оның онлайн болып, желіге кіруін асыға күттім... Тіл қатуға асықтым. Тіпті, суреттерінің астына пікір жазып та үлгердім. Бір суретінің астына жұрттар да бірнеше пікір қалдырыпты, оның өзінде «супер, керемет, ғажапсың, сұлусыңнан» аса алмапты. Бәрінен асып түскім келді, ол үшін не істеуім керек, ақындығыма басып, оған өлең арнағым келгенді. Көп ойланып отырмадым. Еріншектігім ұстап қалды. Қисынсыз болса да табан астында тапқырлығым ұстап, Мұқағали Мақатаевтың өлеңінің үзіндісі есіме сап ете қалды... Көз ілеспес жылдамдықпен жазып жібердім:

«Сүйгісі келе берер сүйген ерін,
Сүй, жаным! Сүйкімді бір күйге өңемін,
Жүрегіміз жақыннан бірге соқсын,

Ағытшы бешпентіңнің түймелерін...» – деп жазып, қып-қызыл боп лүпілдеп, соғып тұрған жүректің белгілерін аямай, қаз-қатар тізін, бірінің артынан бірін жібердім. Ұнатқан адамыма алдын ала жанына майдай жағатын жақсы сөздер жазып, әрекет жасау ес білгелі қалыптасып қалған қағидам сияқты. Несін жасырайын, бар ойым тезірек құрығыма түсіру. Айламды асырып, бір түн құшағыма түнету.

Қиялыммен қаншама рет киіндіріп-шешіндірумен болдым. Ғайыптан келген қандай сиқыр екен деп тандандым. Ғаламторды шұғыл ақтарып, ол жайында басқа да ақпарат іздестірдім. Артық ақпар таппадым. Instagram, агент, facebook дейсің бе әйтеуір, бөрінен тісқаққан ұрыдай тіміскілеп іздедім. Тек «Вконтактеде» ғана парақшасы бар екен. Дұрыстап тағы қарадым, ешқандай ортақ досымыз жоқ екеніне қуандым.

Басқа қыздарға көз де, сөз де салмаймын деп өз-өзімді үйленгеннен бері үгіттеп, осы күнге дейін тежеп баққам, әйеліме де үйіп-төгіп уәде бергем. Тек сөз жүзінде. Ауылдың аңқау қызы оған да нанған-ды. Ол маған сенеді. Отасқанымна он ай болса да, мен жайлы күдік көкейіне ұялап көрмегенді. Маған деген көңілі – ақ, пейілі – пәк. Маған сенгендіктен мен университетті толық тәмамдағанша екеуіміздің болашағымыз үшін, ол жұмыс жасап, мен оқимын деп екі қалада тұруға келісімін бергенді. Соны біле тұра, бар болмысымды жат

пиғыл иектеп алды. Қай түлән түрткенін түсінсем бұйырмасын, қас-қағым сәтте бұрынғы қалпыма қайта оралғандаймын. Сол баяғы бойдақ кезімдегідей, қыз көрсем болды, қызыл көрген бұқадай көзім қызарып, көңілім алабұртып, алуан түрлі күйге еніп шыға келетін бөлыпшын. Өткен-кеткенді ой елегінен өткізіп бақтым. Мен әйелімді сүйетіпдігіме күмәндана бастадым. Оған тек нәпсінің жетегімен, ұшқалақ сезімнің ұшқынымен үйленген сияқтымын. Егер оны бар жан-тәніммен арбалып сүйсем, басқаға көңіл аудармас та едім ғой. Бірақ, әйелімнің басқа еркекпен сейіл құрып жүргенін көз алдыма елестетсем өне бойым өртенін, қызғаныштан жарыла жаздаймын...

Таң қылаң бере бастаған шақ. Көзім кіртііп, жұмбақ қыздан жауап күтін отырған жерімде кірпігім айқасып кетіпті. Енді-енді уыз ұйқы құшағына еніп суреттегі сұлуды түсімде сүйіп, аймалай бастаған кезім... Дәл сол сәтте қалта телефоным безілдеп қоя берді. Жүрегім дір ете қалды. Көзімді тырнап ашып, тұтқаны көтердім. Тілім күрмелін кінәлі адамдай кібіртіктеп қалдым да, есімді ілезде жинадым.

– Қайырлы таң, жаным! Күнің сәтті өтсін!

– Қайырлы таң... – деп, жасқаншақтай үн қаттым. Құлағым тұтқада болса да, бар ойым басқа жақта... Көз алдымда көлбендеп түндегі сұлу тұрып алды. Ол жайлы тез арада санамнан сылып тастауға тырыстым. Болмады... Өзімнен өзім сасқалақтап қалдым басында... Өзімді кіпәлі адамдай сезінін, сөйлесуден қашқақтай бастадым. Бірақ, оны әлжуметтік желі деген дүниелер мүлде қызықтырмайтын-ды. «Желіге тіркел, заман ағымынан қалма» – деп, талай мәрте үгіт жүргізгем бірге тұрған шақтарда. Ондайға алтын уақытын сарп етіп, басын қатырғысы келмейтіні жайлы айтқан-ды. Онысына қуанғам... Оның маған деген риясыз сенімімен қарапайым қағидалары қатты ұнайтын-ды. Өзімді іштей сабырға шақырдым. Бір жағынан оны аяғаннан ба, өзімді жек көре бастаған сыңайлымын...

–... (үнсіз тұрмын)

– Әле... жаным... неге сөйлемейсің? Ұйықтап қалдың ба?

– Жоқ. Неге таң атпай хабарласып тұрсың? – деп, өктем үнмен сөйлестім. Оның күн шықпай тұрып, таңғы алтыда жұмысқа баратыны тарс есімнен шығып кетіпті. Ол дала қараңғы болғандықтан аялдамаға жеткенше менімен сөйлесін баратын-ды. Күндегі әдеті сол

– Жаным, дала қараңғы... қорқам...

– Мен бар да, ешкімнен қорықпа!

– Қашан келесің? Сағындым... Жан?

– Мен де! Демалыс күндері...

– Автобус келді... бетіңнен сүйдім, маубас... Пока!

– Жақсы...

Тұтқаны асығыс қоя салдым. Әлжуметтік желіде жасаған ерсі әрекетімнің кесірінен өзімді қатты ыңғайсыз сезіндім... Бұл тек алғашқы күнгі әсер екен. Келесі сөйлескен сәттерде түк білмегендей жасанды жақсы сөздер айтып, сөйлесе беретін болдым. Әлгі әлжуметтік желіде әлек қылған қызбен де ептеп қарым-қатынасым жақсара бастады. Бір-бірімізді көруге ынтыға бастадық. Күнделікті күйбең тірлікті ұмытып, тек сонымен ғана сөйлескім кеп, соны ғана ойлайтын халге жеттім. Ол маған, тіпті, бет жүзін көрсетпей,

тапты. Әйеліммен сөйлесуді сиреттім. Арамыз күннен күнге алшақтай бастады. Ол мені, мен оны ұмытқандаймыз. Азаматтық неке деген құжат болмаса, біз бөтен боп кеткендейміз. Менің қиялымда тек бір адам ғана үстемдік орнатты. Күндіз-түні... Ол менің сезіміме тіл қатты. Ол да менің суретімнің астына лүпілдеген қып-қызыл жалын жүректің бейнесін жіберіпті... Сол сәттен бастап, жанармайға тиген жалғыз шырпыдай сезімімді өртке айналдырды. Махаббатымды хат арқылы ашық білдіре бастадым. Бірінші қадамды былай бастадым:

– Неткен сұлу, неткен ажарлы едің, жиырма бірінші ғасырдың Мона Лизасы!

– Асыра сілтедің-ау, ханзадам! – деп жазыпты. Ханзадам деген сөзіне балқып масаттана бастадым білем:

– Сен менің жұмбақ ханшайымымсың, жүзінді бір көрер күн бар ма екен...

– Әрине, сері жігіт... Жер деген дөңгелек қой, ойламаған бір күні жүздесеміз... – деген сияқты қызу әңгіме басталды. Жалғанда тірі жанға арнамаған жылы сөздерімді соған ғана арнадым. Көп уақыт оздырмай кездесуге келістік... бір ай бойы тек хат арқылы сөйлесіп, сезім сергелденіне түстік. Күндіз-түні толассыз жазылған желідегі хаттар легі тоқтамады.

Мен оны жердің түбінде болса да, іздеп бармаққа бекіндім... Ол бір сөзінде мен тұратын қалада тұратынын сөзге тиек еткенді. Яғни, менің әйелім тұратын қалада. Кездесуге баруға қорықтым. Әйелімнің көзіне түсіп қалудан сескендім. Андаусызда өйелім көріп қалса, шаңырақтың шайқалары сөзсіз... Бірақ, әйеліме білдірмей, онымен кездесуге бел байладым. Келісім бойынша кездесуге бес минут қалғанда бір-бірімізге телефон нөмірлерімізді береміз деп хат жазыстық. Жүрегім алып-ұшып алапат сезімнің жетегімен дәл келіскен күні, келіскен уақытта келіскен жерге жеттім... Ешкім білмейтін жаңа нөмірімді оған жазып жібердім. Ол да келгенін айтып, желі арқылы нөмірін жазды. Жедел қоңырау шалдым. Тұтқадан таныс үн естілді. Көшенің қалтарысында бетпе-бет кездесіп қалдық. Бір-бірімізге қарама-қарсы сілейіп, қаттық та қалдық. Өз көзіме өзім сені алар емеспін, мен өз әйелімді алдап жүріппін... Ал ол мені... Суреттегі бейне құр картина боп шықты...

Манарбек ХЫДЫРБАЙ,
«Кинотеледраматургия» мамандығының 3 курс студенті



Вера и гуманизм. Объединяющий смысл религий.

Человеку трудно жить без веры. В Аллаха, Будду, Христа, Тенгри. Без веры в себя, в свои силы и возможности. Религий много, но в них есть общее, то что обращено к душе, совести, к всеобщем человеческим нравственным устоям, все то, что должно объединять людей. Рассматривая три крупнейшие религиозные системы, можно проследить связующую их линию.

Известный францисканский монах Гильом де Рубрук прошедший из Европы в монгольскую столицу Каракорум, с удивлением писал, что в этом городе мирно соседствовали языческие храмы, мусульманские мечети и христианские церкви. Европейцу сложно было понять, как такое возможно, ведь в Европе он наблюдал то, с какой ненавистью его земляки – католики относятся к представителям других религий. Ему невозможно было представить, что мусульманские или буддийские священнослужители посетили бы, например, Париж, Мадрид, или Рим, где открыто бы проповедовали и соблюдали свои религиозные обряды. В Европе бы их сожгли на костре инквизиции.

Тенгрианство является общим историко-культурным наследием и единой духовной традицией тюркских народов. Ученые считают, что вера в Синее Небо Тенгри возникла задолго до того, как развилась первая евразийская кочевая империя - Тюркский каганат. Тенгри – это Высшая Космическая Сила, несотворимая и неуничтожимая, отражает общую нераздельность человека и окружающего его мира. Бог Тенгри отвечает за «порядок» и «непорядок» в мире. Это очень хорошо отражено в одном из толгау жырау Шалкииза:

Вода в протоке, вышедшей из Едиля,
Некогда едва доходила до конского потника.
Если она превратилась в разливанное море,
То это сделал Тенгри.
На берегу стояло невзрачное, чахлое деревце,
Если оно превратилось в развесистую чинару,
То это сделал Тенгри.
Мы были детьми равнодостоинных предков,
Которым дозволено сражаться друг с другом,
И если теперь ты более возвышен, чем я,
То это сделал Тенгри.

Тенгрианство полностью определяло религиозные верования древних кочевников и регулировало их жизнь. Отличительной особенностью тенгрианства являлась большая веротерпимость к другим религиям и его долгожительство в устойчивых формах несколько тысяч лет. В далеком тенгрианском прошлом берут истоки многие национальные традиции казахского народа, которые глубоко вплелись в духовную жизнь, мировоззрение и обычаи. Таким образом, в современной казахской культуре сохранились лучшие традиции тенгрианства.

Зороастризм (огнепоклонничество) – также одна из самых древнейших религий на земле, появившаяся в II тыс. до н.э. Главный пророк зороастризма – Зороастр

сформулировал главные моральные требования этой религии: ценности жизни и борьба с всемирным злом. Наделенный даром откровения, Зороастр резко выступал против того, чтобы в обществе правила сила, а не закон. Сторонники этой религии в течение дня совершали Гахи - пятикратную молитву. Исследователи считают, что пятикратная молитва в исламе взята из зороастрийской культовой практики.

Одним из главных сезонных зороастрийских праздников является Науруз – новый год, он отмечался в день осеннего равноденствия 21-22 марта. Хорошо известно, что задолго до прихода ислама предки современных казахов отмечали этот праздник, слегка изменив первоначальное название. Да и в настоящее время Науруз является национальным праздником в современном Казахстане. Следовательно, культурная память казахского народа сохранила следы зороастризма в своем наследии.

В настоящее время в казахской культуре наиболее очевидно присутствие ислама. Это третья мировая религия стала проникать на территорию Казахстана в средние века, постепенно вытесняя тенгрианское и зороастрийское влияние. Такова сила духовного влияния этого религиозного мировоззрения, сформировавшегося на территории Аравийского полуострова в тесном взаимодействии с иудаизмом и христианством. Недаром в Коране сказано: «Свидетельствует Аллах, что нет божества, кроме него, и ангелы, и обладающие знанием, которые стойки в справедливости: нет божества, кроме него, великого, мудрого! Поистине, религия пред Аллахом - ислам...».

При всей разности культовой обрядности, все перечисленные выше религии имеют много общих черт в своем глубинном философско-мировоззренческом содержании – это уважительные отношения к человеку, созданию творца, запреты на убийство, воровство, ложь. В этом их единая суть.

Поэтому религии не должны разъединять людей, а должны учить относиться с пониманием и уважением к представителям разных конфессий. Эта гуманистическая идея свойственна для религиозных доктрин всех времен и народов.

Если это будут помнить все верующие, то в мире перестанут гибнуть люди от религиозного терроризма, и человечество не растратит свои ресурсы на самоуничтожение. Мне кажется, что любая религия прежде всего несет в себе единый смысл: любовь к богу, жизни, окружающему миру.



Карина МИНДИКУЛОВА,
студентка 2 курса специальности «Культурология»

Жандәулет Батай

Құдайдың берген мінезін,
Құлыптап ұстап ішінде,
Өшіру керек ол өзін,
Өзге адам болу үшін де.
Қадыр Мырза Әлі

2007 жылы Астана қалалық әкімдігінің қолдауымен Жастар театры құрылатындығы мәлім болды. Жаңа өнер шаңырағын көтеруге Т.Жүргенов атындағы өнер академиясын тәмамдаған бір топ жас мамандар шақыртылды. Жетекшісі – профессор Нұрқанат Жақыпбай еді. Артистер – өнер атты айдынға, театр атты кемесіне ұстаздарымен бірге отырып шықты. Жаңа театр ашу оңайға түспесін түсінген актерлер алдарына мақсат қоя білді. Ұйымшылдықтарының арқасында әр ғимараттың сахнасын жалға алып жүріп, қиындықтарға төзіп, театр құрды. Бірнеше республикалық, халықаралық фестивальдердің жүлдегерлері атанды. Бүгінде, міне, тарихы 10 жылға аяқ басқалы отыр. Сол кезде бір атаның балаларындай кішкентай үміттерін арқалай келген жастардың арасында Жандәулет Батай да болды.

Ол 1984 жылы Монғолияның Баян-Өлгей өңірінде дүниеге келген. Мемлекеттік Президент стипендиясының иегері. 2002 жылы ата жұртқа оралып, сол жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының профессор Нұрқанат Жақыпбай шеберханасына қабылданды. Ол – 2004 жылы өткен Халықаралық «Шабыт» фестивалінің «көркем сөз оқу» аталымы бойынша жүлделі ІІ орын иегері, 2007 жылы елорда төрінде құрылған Жастар театрының алғашқы қарлығаштарының бірі.

2006 жылы курс жетекшісі топтың дипломдық спектакліне Н.Гогольдің «Ревизорын» (режиссері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Н.Жақыпбай) арнайы таңдап алды. Пьесадағы эпизодтық рөлдердің бірі болса да, актердің келісті ойынын талап ететін Бобчинский әпендінің рөлі Жандәулет Батайдың еншісіне тиді. Ауылдың көзі мен құлағы есебінде жүріп, комедия тудыратын кейіпкердің сынары Добчинский екеуінің арасындағы желілерді көрерменге жеткізуде ізденістерге барған. Байқап қарасаңыз, Бобчинский – оқиғаға көп араласа бермейтін кейіпкер. Бірақ, актеріміздің тамаша ойынымен көрініске өзінше араласып, спектакльдің сатиралық бояуын қалындата түскен.

Жандәулет Батай үшін кішкентай рөл деген жоқ. Берілген рөлді барынша іздену – оның актерлік өнерінің ерекшелігі дер болсақ, комедиялық бейне жасаудағы шеберлігі – оның өзге өнер иелерінен артықшылығы. Кейбір актерлер мән бере бермейтін сахналық, көзге көріне бермейтін штрихтерді тауып алып, өз кейіпкерлеріне үйлесімді пайдалану осы шығармашылық



адамының бойынан табылып жатады. Ағылшын классигі Уильям Шекспирдің қаламынан туған «Асауға тұсау» пьесасын сахналауда Нұрғанат Жақыпбай, Бекболат Құрманғожаев, Дәурен Серғазин үлкен ізденістерге барғандығы көрініп-ақ тұр. Асауға тұсау салуға ұмтылып жүрген Петручионың қасында жүрген Грумио шалды кескіндеу Жандәулет Батайға сеніп тапсырылған. Спектакль басталғаннан-ақ, оның кескін-келбетіне күлмеске лажыңыз қалмайды. Алдыңғы планда басқа көрініс айналып жатқанда, бос тұрып қалмай, өзінше ойнап тұратын актердің ізденістеріне төңті боласыз. Қолындағы «лайымен» ойнап, комедияны тудыруға үлес қосады.

Ж.Батай – қазақ сахнасында қойылған классикалық аударма пьесалардың да қойылымдарына қатысып, шынайы бейнелер жасап жүр. Солардың бірі – Жан Батист Мольердің «Жорж Данден» немесе «Ақымақ болған басым-айдағы» Жорж Дандені шығармашылық ізденістің қомақты жетістігі. Тереңірек үңілсек, бұл кейінкер – комедиялық болса да, басынан өткерін жатқандығы бір адамның басына жетерлік трагедия. Жандәулет Батай кейінкерінің ерекшелігін түсінген. Бай, көпес, ақсүйектердің қатарына қосылу үшін сол атақтағы қыздардың біріне үйленген. Әкесіне қалың малын төлеп, қалыңдықтың қалауынсыз бас қосқан. Байлығына ғана сеніп қалған адамның әйелі көзіне шөп салып жүргендігін біліп қойып, соны ата-әжесіне дәлелдей алмай дал болған тұстары көрерменге күлкі сыйлайды. Ақырында қулық ойластырып, әйелімді қолға түсіремін деп жүрін, өзі далада қалып қойғандығын көрін, бармағын тістеп «ақымақ болған басым-ай» деген кезде актердің нанымды ойынына сенесіз. Сөз де, қимыл-қозғалыс та кейінкер әрекетінен туындап, актердің келісті ойынымен көрерменді еріксіз үйірін әкетеді. Актердің әрекетке үйлесімді жеңіл қимыл-қозғалысы, ой ағымының табиғилығы, бет әлпетіндегі мың құбылып тұратын ойнақылығының бәрі де кейіпкерден табиғи жарасымдылық тапқан.

Жандәулет Батай – комедиялық кейіпкерлердің ғана бейнесін жасаумен шектелмей, бойына біткен табиғи дарынының арқасында психологиялық толғаныс, драмалық көңіл күй тебіреністерін тілейтін рөлдерді де шеберлікпен ойнап жүрген актер. Тар лифтінің шахтасына өрбитін әрекеттер бейнеленген Сая Қасымбектің «Тексіздер» пьесасын





Бекболат Құрманғожаев «Лифт» деген атпен сахналады. Өмірде болып жатқан жағымсыз жайттар баяндалатын бұл шығармада Ж.Батай хатшыны кескіндейді. Жетім қыз бен жесір әйелдің, алимент төлеуден жалтарған еркек пен айдауылдың арасында болып жатқан барша тартысқа сырттай ғана көз тастап тұрған кейіпкердің мұндай жайттарға үйренісіп қалғандығын нанымды жеткізеді.

Театр сахнасындағы музыкалық қойылымдардың басым көпшілігі – Жандәулет Батайдың еңбегі. Кішкентайынан музыкаға қызығып жүрін, оқу орнына түскен соң осы саланы меңгеруге тырысты. Бүгінде елге сазгер, жеке әнші, музыкалық әрлеуші ретінде де танылып жүр.

Шетелдік киноларды қазақ тілінде сөйлетуде де Жандәулет Батайдың атқарып жүрген еңбегі зор. Кейіпкерімен бірге күліп, бірге жылап, қоса қайғырып, қоса қуанып жүріп, дауысын сан түрлі өзгертіп жұмыс жасайтын дубляж атты мехнаты мол саланың мамандарының бірі болып жүргеніне бірнеше жылдың жүзі болды. Талант иесі – бүгінде «Қазақстан» және «7 арна» телеарналарының дубляж актері.

Қанша жанына жақыны, жанды өнер «театр» дегенмен де, актерді қалың көрерменге таныстырушы да, тарихқа мәңгілік қалдырушы да – таспа өнері. Атап айтқанда актер «Елдің ерлігінде» – Рамазан Елебаев (режиссері – Ә.Сейітқали), «Ничего личного» – Ринат (режиссері – С.Булов), «Қарашаңырақта» – Таир (режиссері – А.Сахаман, Қ.Мұстафин, Ә.Матжанов, Л.Лисасина) рөлдерін кескіндеді. Десе де, Жандәулет Батайды елге танытар фильм түсірілмей жатқандығы анық. Артист өз режиссерін тапқанда ғана бақытқа бөленбек. Алдағы уақыттарда Батайдың бағына жаралған суреткер кездесеріне сенеміз.

Актердің шығармашылық келбеті оның басты не қосалқы рөлді бейнелеуімен немесе олардың санымен бағаланбайды. Керісінше сол көлдердің кесектігімен дараланбақ. Қилы жолы көп комедия жанрына атын қалдыру кез келген актердің маңдайына жазылмаған бақыт іспеттес. Сейфолла Телғараев, Танат Жайлыбековтер тұрған суреткерлер қатарынан орын тебер Жандәулет Батайға бұйырған рөлдердің саны мен қоса ерекшеліктері де өсе бермек.



Қымбат ЕЛУБАЕВА,
«Театртану» мамандығының 3 курс студенті



Тугана РАХМАТУЛЛА,
«Сценографический грим мамандинович, 2 курс студенті»

Астана қаласы ЖОО-ның бірінші курс студенттері арасындағы спартакиададағы жеңіс

Ағымдағы жылдың 12-13 қараша күндері Астана қаласы ЖОО-ның бірінші курс студенттері арасында өткізілген спартакиадада «Үстел теннисі» бойынша жарыста 1 орынға ие болған «Музыкалық театр актеры» мамандығының 1 курс студенті **Жаңатілек Ерназар Жасқайратұлы**н құттықтаймыз!

2016 жылғы 20 қараша күні «Қазмедиа орталығында» Қазақстан Республикасының 25 жылдығына орай Астана қаласы ЖОО-ның бірінші курс студенттері арасында өткен спартакиада жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі болып өтті. Спартакиаданы ұйымдастырушылар – Астана қаласы жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Қазақстан студенттерінің Альянсы» ұйымы. Марапаттау рәсімінің концерттік бөлімінде ҚазҰӨУ: М.Нүкеевтің жетекшілігіндегі «Шат» ансамблі, «Эстрада өнері» мамандығының студенттері – «Қазақстан дауысы 2016» жобасының жеңімпазы Хайролла Мұратбек және халықаралық байқаулардың жүлдегері, эстрада әншісі Габдрахман Гүлзар өнер көрсетті.

Ерназар, сен өзіннің барлық қарсыластарыңды лайықты жеңе білдің, университетіміздің намысын қорғап, біздің спортта да мықты екендігімізді дәлелдедің. Біз саған сәттілік тілейміз! Жеңісті күндерін көп болсын!

Победа на спартакиаде среди первокурсников Вузov г.Астаны

Поздравляем **Жаңатілек Ерназар Жасқайратұлы**, студента 1-го курса специальности «Актер музыкального театра» занявшего 1-е место по настольному теннису на спартакиаде среди первокурсников вузов г. Астаны, которая проводилась 12-13 ноября 2016 года!

20 ноября 2016 года в «Қазмедиа орталығы» (КМО) состоялось торжественное награждение победителей спартакиады, среди студентов-первокурсников Высших учебных заведений города Астаны, приуроченной к празднованию 25-летия Независимости Республики Казахстан. Организаторы спартакиады: «Альянс студентов Казахстана», при поддержке управления по вопросам молодежной политики города Астаны. В концертной части вручения выступали студенты КазНУИ: ансамбль «Шат» под руководством Нукуева М., студент кафедры «Эстрадное искусство», победитель проекта «Қазақстан дауысы 2016» Хайролла Муратбек и лауреат международных конкурсов эстрадная певица Габдрахман Гульзар.



Ерназар, ты достойно победил всех своих соперников, защитил честь нашего университета, доказав, что и в спорте мы можем быть самыми сильными! Мы желаем тебе удачи и много Победных дней!

*«Нет предела совершенству»: композитор Ляззат
Жуманова*

Композитор Ляззат Жуманова отличается страстной любовью к музыке, трудоспособностью и стремлением постигать новые «вершины айсберга». Член союза Композиторов Казахстана, Член РОО «Союза творческих женщин Казахстана», лауреат конкурса «Песни Абая», преподаватель музыкально-теоретических дисциплин музыкального колледжа в Семей, она также автор учебных пособий для музыкальных школ и колледжей на русском и казахском языках.

Учебные пособия Ляззат Жумановой многообразны и многожанровы. Это «Зарубежная музыкальная литература» (2011), «Ритмические упражнения» (2012), «Сборник одно-двух-трёхголосных музыкальных диктантов на материале произведений композиторов Казахстана и Средней Азии» (2004), «Краткий курс анализа музыкальной формы» (2006). Были также изданы два тома фортепианных сочинений композитора на тему «Лады народной музыки» (2008) и «Цикл фортепианных сочинений» (2012). Эти работы сыграли особую роль в формировании и воспитании художественно-эстетических интересов, вкусов и потребностей подрастающего поколения.

В ноябре этого года Ляззат Жуманова вновь выпустила учебное пособие – учебник по русской музыкальной литературе для третьего года обучения детских музыкальных школ на казахском языке «Музыкалық әдебиет. Орыс музыка. Үшінші оқу жылы».

При составлении учебника автор опирался на труды маститых музыковедов В. Галацкой, И. Прохорова, Б. Левик. Книга содержит 12 глав, начиная от Древнерусской музыкальной культуры и заканчивая XIX веком, творчеством П.И. Чайковского. Автор подробно рассматривает каждую тему, освещая не только жизнь и творческое наследие композиторов, но и подробно описывая их основные произведения. Каждая тема в книге сопровождается интересными красочными картинками, нотными примерами и пояснениями определенных музыкальных терминов и жанров в музыке. В конце разделов даны вопросы, тесты и кроссворды.

Таким образом, материал учебника Ляззат Жумановой доступен и легко усваивается. Отмечу, что на данный момент в отечественном музыкознании очень мало музыкальной литературы на казахском языке и в этой связи вклад Ляззат Жумановой неоценим. В дальнейшем автор планирует выпустить сборник для четвертого года обучения, где будут представлены композиторы Казахстана.



Асима ЖУКЕНОВА,
студентка 4 курса специальности «Музыковедение»

В детстве я плакала очень много.
 В детстве я ждала тебя очень долго.
 Я верила, что ты однажды вернешься.
 Я кричала, надеясь, что ты отзовешься.
 Хотели в мире воображений,
 А дальше в мире сновидений,
 Видела себя играющей в саду.
 А вдали ты идешь в сторону мою.
 Я, с земли поднимаясь к тебе бежу.
 Ты с теплой улыбкой обнимаешь принцессу.
 И бережно на руки берешь как младенца.
 А вместе мы идем домой.
 Где ожидают уют и покой.
 Жизнь так прекрасна для меня.
 Авы, но сладкий сон закончился.
 И мне так грустно и обидно.
 Ведь это все неосуществлено.

Устала я искать ответы,
 На вопросы, что давно затеряны.
 Устала носить беззаботность на лице.
 Натягивать улыбку на устах,
 Чтоб столкнувшись с ними на крыльце.
 Не спрашивали что у меня на душе,
 Стараюсь быть честна с собою,
 Но обливается сердце кровью.
 И не сумею найти ответ.
 На загадку эту.
 В виде грусти и печали.
 Очень досадно уплыть во мраке.
 Не зная, от чего плывет тоска.
 Не зная течения боли вот беда,
 Куда уплыть, чтоб сойти на берега.
 В те берега, где отсутствует навязчивая
 тьма.

Гаухар КЫДЫРБАЕВА,
 студентка 4 курса специальности «Кинотеледраматургия»

